



ХҒТАР 03.20

Т. Жолдасұлы¹, К.М.Ильясова²

¹*Селчук Университеті, Кония, Түркия*

²*Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zholdassuly2018@gmail.com, kulrash_66@mail.ru)*

Кеңестік биліктің екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі діни саясаты

Андатпа. Мақала Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңестік биліктің діни саясатының күрт өзгеру эволюциясына арналады. Билік басына келген большевиктердің соғыстан бұрынғы діни саясаты, дінге қарсы қысымы баяндалады. Сонымен қатар, соғыс жағдайындағы кеңес үкіметінің діни саясатты өзгерту себептері, бұрынғы дінбасыларының дінге сенушілерді жауға қарсы күш біріктіруге шақыруы көрсетіледі. Орыс православ шіркеуінің жасақталуы, мұсылмандардың төрт діни басқармасының құрылуы айтылады. Кеңес үкіметінің ішкі, сыртқы мұсылмандардың қолдауын алу мақсатында дінге еркіндік беруге мәжбүр болғандығы, халықтың рухын көтеру мақсатында түрлі шаралар жасағандығы баяндалады. Өз кезегінде дінге сенушілердің, оның ішінде мұсылмандардың жеңіске айтарлықтай үлес қосқандығы, майданға және соғысқа қатысқандардың отбасыларына қаржылай, материалдық көмек бергендігі архив құжаттарымен негізделеді. Бұл көмектің соғыстан кейін де жалғасқандығы, басшылықтың дінге сенушілерге алғысы, уақытша болса да ислам мен мемлекеттің жақындасқандығы баяндалады.

Түйін сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, Кеңес Одағындағы мұсылмандар, Түркістандағы ислам және мұсылмандар, орыс православ шіркеуі, кеңес үкіметі, діни саясат, діни басқарма, исламдық патриотизм.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-84-93>

Кіріспе. Бұрынғы кеңестік тарихнамада жаңа түсінік, жаңа қоғам, жаңа идеология және жаңа адам қалыптастыру жолында дін жойылуы тиіс деген атеистік көзқарастар басым болатын. Большевиктер үшін қоғамда дінге орын жоқ еді. Кеңестік қоғам құру жолында бүкіл партиялық-кеңестік құрылымдар күш біріктірді. Мәдени-ағартушылық, үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Арнайы мекемелер дін мен дінбасылардың бүкіл әрекетін қатаң бақылауда ұстады, өз кезегінде жаппай қуғынға да ұшыратты. Алайда саяси себептерге байланысты екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мемлекеттің дінге қатысты ұстанымы бірден өзгеріп шыға келді.

Соғыстан бұрынғы діни жағдай. 1917 жылғы екі революция дін және ғибадат мәселесінде мұсылмандармен қоса басқа да әлеуметтік топтарға шынайы еркіндік берілгендігін сенімді түрде мәлімдеді. Кеңестік биліктің дінге қатысты қағидасы діннен бас тарту, дінсіздікті мемлекеттің идеологиясы ретінде қабылдау болатын. Алайда өздерінің қуатын арттыру және казактардан жасақталған ақ гвардияшыларға қарсы қанды күресті жеңіспен аяқтау мақсатында мұсылмандарға жұмсақтық танытып, ар-ождан бостандығы мәселесін-

де әртүрлі уәде берді. Коммунистердің көшбасшылары В.И. Ленин мен И.В. Сталин 1917 жылдың соңында бүкіл Ресей және Шығыс мұсылмандарына үндеу жариялады. Онда құлшылық ететін орындарды ашуда, діни мен дәстүрлерін сақтауда, ұлттық және мәдени ұйымдарын басқаруда еркіндік беруге уәде етілді. Патшалық Ресей тұсында тәркіленген Осман Құранының көшірмесі және Қазан мен Орынбор қаласында тартып алынған мешіттер мұсылмандарға қайтарылды [1, 5-6 б.].

Жаңадан құрылған Ұлттар халық комиссариатының басшысы И.В. Сталин «Ішкі Ресей және Сібір мұсылмандары істерінің орталық комиссариатын» құрады [2]. Түркия мен Иран Кеңес үкіметінің көмегімен құтылғандығын Шығыс мұсылмандары Кеңестерінің есіне салды және мұсылмандардың діни сезімдерін қозғайтын сөздерді қолданды. Мекке, Мәдина және Недж секілді қасиетті қалаларды ағылшындар жаулап алғандығы, ол жерлерде «мұсылмандардың қаны төгілгендігі» және мұсылман дінбасылардың қорлыққа ұшырағандығын алға тарта отырып, діни сезімнің қозуын пайдалануға тырысты. Барлық осы мәлімдемелер мен мұсылмандарға берілген құқықтарға қарамастан кейін билігін күшейтіп алған большевиктер бұл уәделерін ұмытты. Большевиктер исламды пайдалану үшін мыңдаған айла қолданды [3].

1924 жылы шариғат мекемесі таратылды. 1928 жылға дейін бүкіл діни мектеп-мектептер, одан соң діни вақфтар* (діни немесе қайырымдылық мақсатына берілетін жер иеліктері) жабылды. Исламға қарсы жаппай шабуыл 1928 жылы басталды. Осы кезде дінге қарсы жаппай үгіт-насихат жұмысы да жүргізілді. Исламға қарсы бұл шабуыл нәтижесінде мешіттердің барлығы дерлік жабылды. Мұсылман дінбасылары да үлкен қысымға, қудалауға ұшырады [4, 56 б.]. Осылайша исламға көрсетілген жұмсақтық басмашылар қозғалысының* (Орта Азиядағы жергілікті халықтардың большевиктерге қарсы діни және әскери-саяси қозғалысы) жеңілісінен кейін өзгерді. 1925 жыл Құдайсыздар Одағы қозғалысы ресми түрде басталады. Бұл қозғалыстың мақсаты Кеңес Одағының бүкіл діни сенімдерден құтқарылуы еді. Дінге «халықтың апиыны» деп анықтама берген К. Маркстың тұжырымы қате түсіндірілді және мемлекет территориясында құлшылық ететін орындарға қарсы шабуылдар басталды [5]. Одан соң дінге қарсы ұйым ретінде Жауынгер Құдайсыздар одағы және дінге қарсы басылымдар, баспалар құрылды, газеттер, журналдар жарияланды. Бұл баспасөз жұмысы сәл кейінірек Кеңестік республикалардың орталық астаналарына да жайылды [6, 30 б.]. Ислам діни мен мұсылмандар өте үлкен шабуылға ұшырады және ауыр зиян шекті. Кейбір деректерге қарағанда, 1929-1939 жылдары Кеңес Одағында жабылған мешіттердің саны 26 000-ға жеткен. Шейхтар, имамдар, дінбасылар секілді бүкіл дін істерімен айналысатын адамдар қуғын көрді, жер аударылды, кейбіреулері өлтірілді. Зиярат ететін орындар, әйгілі қасиетті жерлер тартып алынды, қажылыққа баруға тыйым салынды, Исламдық құлшылық, әдет-ғұрыптары* (намаз, ораза, зекет және діни мейрамдар) орындау өте қауіпті жағдайға айналды [1, 7 б.].

Соғыс жылдарындағы діни саясаттың өзгеруі. 1928-1938 жылдардағы ауыр жағдайдан кейін Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіне кірген Мәскеу үкіметі мұсылман халықтарға қатысты өз қатынасын түбегейлі өзгерту қажеттілігін сезінді. Қызыл әскер құрамындағы мұсылмандар батылдықпен соғысқан еді, бірақ 1941 және 1942 жылдары олар неміс әскерлері басып алған Қырым және Солтүстік Кавказ аумақтарында ашық түрде кеңестік тәртіпке қарсы әрекеттерге кірісті. Бұл қозғалыстар антикоммунистік, орыстарға қарсы сипатта болды. (Қызыл әскер ол жерлерді азат еткен соң көп ұзамай Қырым татарлары, қарашайлар, балқарлар, ингуштар мен шешендерден құралған миллионнан астам адам «сатқындықпен» айыпталып, Орталық Азия мен Сібірге жер аударылды). Сол себепті Кеңестер мұсылмандардың көңілінен шығу үшін бірқатар шараларды қолға алды [7]. 1941 жылы 6 мауысымда Вермахт Жоғарғы басшылығы қарамағындағы Үгіт-насихат бөлімі КСРО-ға қарсы насихат жұмыстарында қолданылуға тиіс негізгі идеяларды анықтайды. Соған сәйкес Германияның

жауы Кеңес Одағының халықтары емес, еврей-большевиктік кеңес үкіметі және әлемдік революцияны көздеген коммунистік партия болды; герман әскерлері елге жау ретінде емес, адамдарды кеңестік биліктен азат ету мақсатымен келді және т.с.с. Үгіт-насихат жұмыстары Кеңес Одағының ыдырап, жеке мемлекеттерге бөлінуіне жәрдемдесуі тиіс болды. 1941-1944 жылдары басып алынған кеңестік аумақтарда КСРО халықтарының тілдерінде басып шығарылған 600-ден астам газет пен журналдар пайда болды [8, 143 б.].

1941 жылы шілдеде жаулап алынған Кеңес жерінде А. Гитлердің бұйрығымен шіркеуге қарсы шара қолдануға тыйым салынды. Осыған байланысты жаулап алынған Бессарабия, Буковина, Батыс Украина және Белоруссия жерлерінде шіркеуге келуге рұқсат беріліп, діни өмір қалпына келтірілді. Неміс әскері мұндай діни либералдық саясатты Қырым мен Солтүстік Кавказда да қолданды. Қырымда мешіттер халыққа қайтарылып, дінбасылар А. Гитлер үшін дұға етуге шақырылды. Солтүстік Кавказда неміс басқыншылығы кезінде шығып тұрған бес газеттің бірі «Газаваттың» эпиграфы «Алла үстімізде, А. Гитлер қасымызда» еді. Қарсыластардың бұл әрекеттері Кеңес билігінің дінге қатысты саясатын қайта қарауға мәжбүрледі [9]. 1941 жылы Вермахт басшылығы үгіт-насихат майданында күрделі міндеттерді жүзеге асыруы тиіс болды. Бір жағынан ол басқыншылыққа, аштыққа, жаппай жазалауға негізделген отарлау саясатын бүркемелеуге тырысса, екінші жағынан, басып алынған аумақтардың халқын ынтымақтастыққа шақыруы тиіс болды. Сонымен қатар, белсенді үгіт-насихат жұмыстары арқылы кеңес әскерінің жауынгерлерін жау жағына тарту көзделді. «Азат ету» идеясы антисемитизм, антибольшевизм ретінде көрініс тауып, жеке халықтар арасында оларды бір-біріне, ең алдымен, орыстарға қарсы қою әдісі қолданылды [8, 144 б.].

Ұлыбритания, Жапония және Германия тәртіптері И.В. Сталинге қарағанда мұсылмандарға дұрыс көңіл бөлудің маңыздылығын жақсы түсінді. 1941-1942 жылдары Кеңес Одағында баспасөз беттерінде патриотизмге шақыру көрініс ала бастаған кезде, Уинстон Черчилль де британдықтарға: «қандай жағдай болмасын, біз мұсылмандармен ара қатынасымызды үзбеуіміз қажет» деп ескертті. АҚШ Солтүстік Африкада нацистерге қарсы жихадты қолдады. Неміс басқыншылары да өздерін мұсылмандарға еркіндік алып беруші деп сипатталды [10, 75 б.]. Батыстық одақтас мемлекеттер де А. Гитлерге қарсы И.В. Сталинге көмек беру үшін, Кеңес билігінен халыққа діни бостандық берілуін талап етті. Немістер басып алған жерлерінде бұрын жабылған шіркеу, мешіттердің ашылуына рұқсат бергеннен кейін халықтың қолдауына ие болды, оларды құтқарушы ретінде көрді. Осылайша И.В. Сталин 1942 жылы дінбасылармен бірнеше кездесу өткізді. Олардың арасында Уфа қаласында орналасқан Мұсылмандардың орталық діни басқармасының (ЦДУМ) мүфтиі Абдурахман Расулев бар еді. Кеңес Одағында діни ұйымдардан ресми түрде тек осы Уфа Орталық діни басқармасы ғана қалған-ды [11, 218 б.].

Діни ұйымдардың құрылуы. Отан қорғауды ортақ іс деп қараған діни қауым өкілдері дінге сенуші халыққа арнап үндеулер жіберді. 1941 жылы 22 маусым күні митрополит Сергей православтық шіркеу өкілдеріне арналған үндеуінде: «Мыңдаған православтық әскерилер әр заманда жауға қарсы соғыста Отан және сенім үшін өз жандарын құрбан етті. Олар атақ-даңқты ойламады, олардың ойлағаны – Отанның амандығы. Христос шіркеуі барлық православтықтарды Отанымыздың шекарасын қорғауға шақырады. Жеңіс Құдайдан» – деп атап өтті. Мұсылман басқармасының мүфтиі Абдурахман Расулев 1941 жылы 18 шілдеде Діни басқармаға қарасты барлық махалла және барша мұсылмандарға арналған үндеуінде Отанды жаудан қорғау мақсатында бірігіп, тыл мен майданға көмек көрсету қажеттігін айтты [8, 146 б.]. Бүкіл дін өкілдері Кеңес билігін қолдау ретінде неміс басқыншыларына қарсы халықты патриоттық міндеттерін атқаруға шақырды. Жаулап алынған кеңес мемлекетінің аумағында немістер орыс православ шіркеуінің, ғибадатханалардың қайта жандануына да кедергі жасамады. Керісінше христиан дінбасыларының Мәскеу патриархынан бөлінуге

деген ұмтылысын және тәуелсіз діни ұйымдарының (Балтық елдерінде, Украинада және Белорусияда) құрылуын қолдады. Халықаралық жағдай И.В. Сталинді православ шіркеуіне де еркіндік беруге итермеледі. Осылайша 1943 жылдың соңында христиан дінбасылары И.В. Сталинмен кездесті. И.В. Сталин дінбасылардың ұсыныстарын қабылдады және билік тарапынан қолдау жасалатынын мәлімдеді. Мемлекет пен шіркеуді байланыстыратын арнайы мемлекеттік мекеме Орыс православ шіркеуі ісі жөніндегі Кеңес құрады. Басшысы Г.Г. Карпов болып тағайындалады. Православ шіркеуі қайта жасақталады [12]. Соғыс жылдарында діни өмір жанданып, діни ғимараттардың қызметі қалпына келтірілді. 1944 жылы елде 200-ге жуық ғибадатхана қызмет етті. Олардың басым бөлігі Украина жерінде орналасты. Орыс православ шіркеуіне Киев-Печор Лаврасы, 1920-30 жж. тартып алынған христиан әулиелерінің мәйіттері мен діни ғұрыпты орындауға қажетті құрал-жабдықтар мұражайлардан ғибадатханаларға қайтарылды. Монастырлар өз қызметін жандандырды. Евангелие христиандары мен баптистер жеке орталық ашуға мүмкіндік алды [8, 137 б.].

Кеңестер исламға қатысты уақытша жұмсақ саясат жүргізе бастады. Дінбасылар мұсылмандарды кеңес жерлерін құтқару үшін бірлікке шақырды. Мысалы, 1943 ж. қазан айында ұйымдастырылған Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары дінбасыларының конгресі бүкіл мұсылмандарға үндеу жариялай отырып, Кеңес жерлерін құтқару және А.Гитлер әскеріне қарсы соғысу үшін бірлесуге және жаудың жеңілуі үшін дұға етуге шақырды. Дінге қарсы бұл жұмсақтық кезеңінде Кеңес Одағында ресми ислам төрт діни басқарма тарапынан басқарылды [6, 33 б.].

Осылайша Кеңес Одағында төрт мүфтият құрылды. Олар мыналар: 1. Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (САДУМ): Сүнниттік, ханафилік, орталығы: Ташкент, 1943 жылы 20 қазанда құрылды. Бүкіл Орта Азия мемлекеттері мен Қазақстан мұсылмандары осы басқармаға бағынды. 2. Ресейдің Европалық бөлігі және Сібір мұсылмандары діни басқармасы (ДУМЕС, бұрынғы ЦДУМ): Сүнниттік, ханафилік, орталығы: Уфа (Башқұртстан). 1783 жылы II Екатерина тарапынан құрылған. Бұл діни басқармаға Татарстан, Башқұртстан, Литва, Белоруссия, Украина республикалары және Ресейдің Европалық бөлігі мен Сібір мұсылмандары бағындырылды. 3. Солтүстік Кавказ және Дағыстан мұсылмандары діни басқармасы (ДУМСК): Сүнниттік, шафиғилік (Дағыстанда) және ханафилік (Солтүстік Кавказда). Орталығы Буйнакск (1974 жылдан кейін Махачкала), 1944 жылы құрылды. Діни басқармаға Абхазия мен Оңтүстік Осетияны қоспағанда Солтүстік Кавказдың бүкіл республикалары мен автономиялық аймақтары және Ставрополь мен Краснодар жерлері қарады. 4. Совет Одағының Шиит мұсылмандары мен Алыс Кавказ сүннит мұсылмандары діни басқармасы: шииттік-жаферилік және сүнниттік-ханафилік аралас, орталығы: Баку (Әзербайжан). 1944 ж. мамырда құрылды. Бұл аралас діни басқармаға Совет Одағының бүкіл имаamia шииттері және Қиыр Кавказ (Әзербайжан, Армения, Грузия) аймағы бағынды. Мұсылман діни басқармаларының ортақ бір орталығы болмады. Мұсылман халықтардың әртүрлі бірігу әрекеттерінен («панисламист» немесе «пантюркист») сақтанған Мәскеу, мұсылмандардың мәдени, діни және саяси тұрғыдан бірігуіне кедергі жасауға тырысты [4, 33-35 б.].

Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 1943 жылы 15-20 қазан аралығында Ташкентте Орта Азия мұсылмандарының алғашқы құрылтайында құрылған болатын. Ол құрылтайға одақтас Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан елдерінен 160 өкіл жиналған. Қазақстан өкілдерін Семейде имам болған Ә. Шамсутдинов бастап барған. Сол құрылтайда Ә. Шамсутдинов Қазақстан қазиятының бірінші қазиясы болып тағайындалды. САДУМ-ның бес республикаға ортақ мүфтиі болып Ишон Бабахан Абдулмажитхан сайланды. САДУМ-ның жарғысы бекітілді. САДУМ-ға бағынышты Қазақстан қазияты Ташкенттегі орталықтың шешімімен, мүфти бұйрығымен жұмыс атқаратын болды. Жұмыс жоспарын, бағытын, негізгі міндеттерін бекітті. Әр об-

лыс, аудан имамдары, мешіт хатибтері Ташкенттен бекітілді [13]. Мурадхожа Салихи наиб мүфти, Зияуддинхан Бабаханов хатшы болып тағайындалды. Бұған қоса Зияуддинхан Бабаханов Өзбекстан, Алимхантора Шакирхожа Қырғызстан, Салиххожа Бабакалан Тәжікстан және Шейх Ата Ишан Түрікменстан қазилары болып сайланды [11, 234 б.].

Кеңес Одағындағы мұсылмандарының төрт діни басқармасының ішінде ең бастысы Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы болды. Жауапты болған аймақ, мемлекет мұсылмандарының көпшілігі орналасқан бес одақтас республиканы (Өзбекстан, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстан) қамтыды [14]. Кеңес үкіметінің басшылығында құрылған бұл діни басқармалар исламға бейімделу үшін, анығырақ айтқанда, исламды Кеңес құқығының бақылауына алу үшін іске қосылған еді [15].

Соғыс жылдары кеңес өкіметінің дінге қатысты саясатында жұмсақтық байқалғанымен негізгі мемлекеттік бағыт өзгеріссіз қалды. Дінмен күрес жалғаса берді. Жазалау шаралары бәсеңдегенімен, тоқтатылған жоқ. 1939-1940 жж. жыл сайын 1100 адам өлім жазасына кесілген болса, 1943 жылдан бастап дін қызметкерлерін жазалау шаралары қысқарды. Бірақ шіркеуді қудалау тоқтатылған жоқ [8, 139 б.].

Діни ұйымдардың жеңіске қосқан үлесі. 1943 жылы қазан айында Ташкентте болған құрылтайда да САДУМ тарапынан мұсылмандарды Кеңес Одағының барлық халықтарымен бірге отан үшін, бостандық пен өркендеу, дін мен құқық, ар мен абырой үшін күресуге шақыру жөнінде шешім шықты. Кеңес мемлекеті діни басқарма мен мұсылмандардың патриоттық ұстанымдарына құрметпен қарады. 1944 жылы Солтүстік Кавказ мұсылмандарының съезінен кейін, діни басқарма өкілдері И.В. Сталинге жазған хатында: «Кеңес Одағының басқа республикалары мен облыстары секілді Солтүстік Кавказ мұсылмандары діни басқармасы да Отан соғысының алғашқы күнінен бастап дінге сенуші мұсылмандарға Отан қорғау олардың қасиетті борышы екендігі түсіндірілді» делінген. Соғыс жылдарында мешіттерде майдан үшін, әскердегілердің отбасылары үшін ақша, киім, азық-түлік жинау жүргізілді. Мұсылмандар басқа да қайырымдылықтарға да қатысты. Соғыс жылдарында мұсылман ұйымдарының белсенділігі де артты. САДУМ дінге сенушілерден оразаның кезінде зекет пен пітір жинады, 1945 жылы бұл қайырымдылықты мұсылмандар үшін міндеттеген пәтуәсі шықты. Бұл көмек жинау жұмыстарында көптеген мұсылман дінбасылар белсенділік көрсетті. Бұл жұмыстар 1947 жылға дейін жалғасты. Ол жиналған қаражаттарды, киімдерді, азық-түлікті соғыста өлген әскерилердің отбасыларына тарату істерімен де айналысты. 1944 жылдан бастап мұсылмандарға қажылыққа баруға рұқсат берілді. Мешіттердің саны көбейе бастады. Бұның барлығы Орта Азия мұсылмандарының өмірінде исламның рөлінің қайта күшеюіне алып келді. Жақындарынан айырылғандардың, тұрмыстық жағдайы төмен адамдардың, қиын жағдайда қалғандардың діннен жұбаныш табуы көрініс тапты [16].

Соғыс жылдарында Қазақстан мұсылмандары да өз патриоттығын көрсетті. 1945 жылдың басында Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының съезінде қабылданған шешімге сәйкес, Қазақстан қазии Г. Шамсутдиновтың бүкіл мұсылмандарға арналған үндеуінде, мұсылмандарды Кеңес халқының әдебиетін, мәдениетін, тарихи ескерткіштерін жойып жатқан неміс басқыншыларына қарсы күресті күшейтуге, неміс басқыншыларының мұсылман бауырларға жасап жатқан қатыгездігін қалаларда, ауылдарда түсіндіруге, оған қоса басқыншыларға қарсы соғысып жатқан әскердің жеңісі үшін дұға жасауға шақыра отырып, Қызыл әскерге және басшыларға жеңіс тілейміз, деп мәлімдеді [17]. 1944-1945 жылдары қазии Г. Шамсутдинов арқылы Қазақстан мұсылмандары да отан қорғау қорына қаражат жинап берген. 1944 жылы Қазақстаннан осы қорға берілген ақшаның көлемі 1 035 320 рубль [18]. Қазақстанда билік өкілдері елдегі молдаларға соғыста қаза тапқандардың отбасыларына арнап ақша жинау тапсырмасын беріп отырды [19].

Соғыс кезінде мұсылмандардың патриотизмі күшейді және діни өмір жанданды.

Бұны соғыс кезінде және соғыстан кейін мұсылман аймақтарынан мемлекетке қолдау көрсету мақсатында жасалған үлкен көлемдегі қайырымдылықтан көре аламыз. Мысалы, САДУМ-ға қарасты Қырғызстандағы тіркелген мешіттерден 1944 жылы және 1945 жылдың бірінші жарты жылдығында әскерилердің жанұяларына арналған қорға жиналған жалпы қаражат көлемі 683 584 рубль. 1945 жылдың қазанынан 1946 жылдың сәуіріне дейін Фрунзедегі 4-5 тіркелген мешіттен 135 182 рубль және 12 610 келі дәнді дақыл жинап берілген. Қорға жиналған көмекті кедейлерге таратуға жауапты осы мемлекеттік орган жиналған азық-түлікті әскерде өлгендердің отбасыларына таратқан. Сол мақсатта Джалалабад пен Көк Йангактағы екі мешіттен 5200 рубль, Ош қаласының мұсылмандарынан қорға 18 000 рубль және 600 келі нан жиналған. Ең қызығы, САДУМ-ға бағынбаған, яғни тіркелмеген мешіттер де қайырымдылыққа өз үлестерін қосты. Мешіттер патриоттық белсенділік көрсетуде тек қана ақшалай көмек берумен шектелмеді, сонымен қатар, егінді арттыру мақсатында мұсылмандардан еріктілер тобы шықты. Мысалы, Ош аймағында мұсылман қариялар мен имамдар егістікке жұмысқа шығып 150 тонна мақта жинаған. Джалалабадта 180 мұсылман қария 10 гектарлық егістіктен мақта жинаған. Билік өкілдері мұсылмандардың бұлай көмек беруін өздерінің патриоттық және діни борышынан деп түсінген [10, 53-54 б.].

Митрополит Алексей 1943 жылы қаңтар және мамыр айларында И.В. Сталинге жолдаған жедел хаттарында Қызыл әскер қажеттіліктері үшін жиналған қаржы туралы хабарлады. 17 мамырда И.В. Сталин жауап жедел хат жіберді. 1944 жылы Қызыл әскерге дінбасылар мен дінге сенушілер жинаған қаржы есебінен салынған «Дмитрий Донской» танк колоннасы мен «Александр Невский» эскадрильясы берілді, жетім балалар мен әскери қызметкерлер жанұяларына көмек көрсету мақсатында жалпышіркеулік қаржы жинау ұйымдастырылды. 1945 жылдың көктеміне қарай патриархия 300 млн. рубльден астам қаржы жинады. УКСР-ның дінбасылары мен дінге сенушілері 1944 жылы патриоттық және қайырымдылық мақсатта (қорғаныс қоры, Қызыл әскер жауынгерлеріне арналған сыйлықтар, жарақат алған әскерлерге, балаларға, мекемелерге, соғыс мүгедектеріне, майдангерлер жанұяларына арналған көмек) 15 274 863 рубль және 4 486 187 рубльге тең зат пен азық-түлік жинады. ҚазКСР аумағында төменгі шіркеу ұйымдары 1944-45 жж. Қызыл әскерге 1 830 000 руб. жинап жіберді. Петропавл қаласының Всесвятская Кладбищенская православық шіркеуі қару-жарақ сатып алу мақсатында 260 мың рубль ақша мен 50 мың рубль облигация* (бағалы қағаз) тапсырды [8, 146 б.].

Қырғызстанның Токмук қаласындағы мешіт соғысқа қатысқан 20 адамға және оның жанұясына 30 пұт немесе 500 келі жүгері берген. Қырғыз КСР-ның жоғарғы советі 1947 жылы екі ислам дінбасын 1941-1945 жылдардағы соғыс кезіндегі «ерлік көрсеткені» үшін марапаттаған. Осы мысалдардан мұсылмандардың Кеңестік патриотизмін көреміз. Осылайша бұрын соңды болмаған дәрежеде ислам діні мен Совет үкіметі жақындасты, әрі бір-біріне қолдау білдіре бастады [10, 55 б.]. Павлодар облысындағы имам Кульмагамбетов пен молда Таргабаков және Мамыровқа жіберген И.В. Сталиннің телеграммасында: «Қызыл әскердің қорына 71 478 рубль жинап берген Павлодар облысының дінге сенушілеріне менің сәлемім және рахметім» делінген [20]. Кеңестердің соғыстағы жеңісінен соң Қазақстан қазыы Г. Шамсутдинов, қари А. Аминов және Алматы мутавалиат* (мешіттегі молдалар мен хатшылардан тұратын қазынашы) басшысы С. Усенов үшеуі ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Н. Оңдасынов пен И.В. Сталинге жеңіс күніне орай құттықтау хат жазған [21].

1943-1944 жж. реформаларға байланысты мемлекеттік партия жергілікті бюрократтарға ешқандай нұсқау көрсеткен жоқ десе болады. Осының нәтижесінде жергілікті бюрократтар дінге қысым көрсетуін тоқтатты, өйткені назары басқа жақта еді. Нәтижесінде мұсылмандар жергілікті билік өкілдерінің қарсылығынсыз бұрын жабылған немесе тартып алынған мешіттерді қолдана бастады. Совет билігі исламға еркіндік беру арқылы советтік

патриотизмді күшейту жолында маңызды іс жасады. Соғыс жағдайында солдаттардың ислам дініне деген ықыласы күшейді [10, 50-52 б.]. Яғни, соғыста жеңілу қаупі күшейгенде И.В. Сталин және оның төңірегіндегілер халықтың патриоттық сезіміне шарасыздықтан қолдау жасады. Соғыс жылдары қазақтардың ұлттық рухын көтеру үшін батырлық эпостар басып шығарылды, жауынгерлерге жазылған хаттарда қазақ хандарының аттары да атала бастады. Барлық әдеби туындылар немесе көркем қойылымдар ұлттық және отансүйгіштік құндылықтарды үгіттеу үшін қайта қаралды, ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен оның батырлары зерттеле бастады [22].

Қорытынды. Кеңестік биліктің алғашқы онжылдығында саяси себептерге байланысты исламға, мұсылмандарға қатысты жұмсақсақтықпен жүргізілді және бір мезгілде дінге қарсы ұйымдар да құрыла бастады. Сөйтіп, 1930-жылдары дінге қарсы жаппай қысым, шабуыл белең алды. Дінбасылар қуғындалды, ғибадатханалар жабылды немесе әртүрлі мақсатта қолдану үшін тартып алынды. Жаңа кеңес қоғамын, кеңес адамын жасап шығару жолында партиялық-кеңестік құрылымдар бірлесе жұмыс жасады. Дінге қарсы үгіт-насихат, қысым қатты күшейді.

Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыста Германияның Кеңес Одағына шабуыл жасауы елдегі діннің жағдайын күрт өзгертті. Немістер өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін жаулап алынған Кеңес Одағының аумақтарында діндерге біршама еркіндік берді және қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Кеңестерге қарсы үгіт-насихат жүргізді. Осыған байланысты Кеңестерге де өз кезегінде дінге қатысты саясатын өзгертуге тура келді. Соғыс майдан даласында ғана емес, идеологиялық алаңда да жүрді. Кеңес басшылығы бұл соғыста дінбасылардың, жалпы дінге сенушілердің, Шығыс мұсылман халықтарының қолдауына ие болу үшін оларға діни еркіндік берді. Орыс православ шіркеуі қайта жасақталды. Одақ бойынша мұсылмандардың төрт діни басқармасы құрылды. Өз кезегінде дінбасылар дінге сенушілерді жаппай жауға қарсы соғысуға, майданға жәрдем етуге шақырды. Түркістанның мұсылман халықтары басқыншыларға қарсы аянбай соғысты және барлық көмегін аямады. Шығыс мұсылман халықтарының жеңіске қосқан үлесі орасан зор болды. Дінбасылар И.В. Сталинді жеңісімен құттықтады, И.В. Сталин өз кезегінде дінге сенушілерге берген көмектері үшін алғысын білдірді. Мемлекет пен ислам едәуір дәрежеде бір-бірімен жақындасты. Бірақ кейінгі оқиғалар көрсеткендей, бұл жақындасудың ғұмыры қысқа болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Sovyet Rusya'da Bugünkü İslamiyet (İslam today in the Soviet Union). - München: Biblos Matbaası, 1963.
- 2 Monteil V. Sovyet Müslümanları. - İstanbul: Pınar Yayınları, 1992. 182 p.
- 3 Bala M. Sovyetler Birliği'nde İslam Dinine yeni hücumlar// Sovyetler Birliğini Öğrenme Enstitüsü Dergisi. - Münih 4. - 1958, -P. 9-10.
- 4 Benningsen A. Quelquejay. C. L. Sufi ve Komiser. – Ankara: Akçağ Yayınları, 1988.
- 5 Taheri A. Kızıl Gökte Hilal. – İstanbul: Sel Yayınları, 1991. - 174 p.
- 6 Yaman A. Türk Dünyasında İslam, Sovyet Ateizmi ve Kültürel Süreklilik. - Ankara: Elips Kitap Yayınevi, 2012.
- 7 Benningsen A., Quelquejay. C.L. Step'de Ezan Sesleri. - İstanbul: İrfan Yayınevi, 1997. -226 p.
- 8 Садыкова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж.): Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2015.
- 9 Мухтарова Г.Д. Ислам в Советском Казахстане. – Ақтөбе, 2007. 128-131 б.
- 10 Tasar E. The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991. -New York: Oxford
- 90 *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.*
Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы 1 (130)/2020

University Press, - 2017.

- 11 Erşahin S. Türkistan'da İslam ve Müslümanlar. - Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, - 2007.
- 12 Одинцов М.И. Государство и церковь в России, XX век. – Москва: Луч, - 1994. - 102-107 б.
- 13 Ақиқат жолында, Хакім хазіреттің өмір жолы. – Алматы, - 2013. -110 б.
- 14 Vakhobov A. Sovyetler Birliğinde İslam. - İstanbul: Havass Yayınları, - 1979. - 26 б.
- 15 Braker H. İslamiyet Sorununun Sovyetlerin İç ve Dış Politikasındaki Yeri. // Orta Doğu Teknik Üniversitesi Asya – Afrika Araştırmaları Grubu. – Yayın. 1984. - № 7. -6 p.
- 16 Саидбаев Т.С. Ислам и общество. – Москва, 1984. 188-190 p.
- 17 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 1711-іс, 1-тізбе, 4-іс, 66 б.
- 18 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 1711-іс, 1-тізбе, 6-іс, 9 б.
- 19 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 1711-іс, 1-тізбе, 4-іс, 83 б.
- 20 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 1711-іс, 1-тізбе, 9-іс, 10 б.
- 21 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 1711-іс, 1-тізбе, 6-іс, 11 б.
- 22 Артықбаев Ж. Пірманов Ә. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 2008. 472 б.

Т. Жолдасұлы¹, К.М. Ильясова²

¹Селчукский Университет, Конья, Турция

²Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан

Религиозная политика советской власти во время Второй мировой войны

Аннотация. Статья посвящена изменению религиозной политики Советского правительства в годы Второй мировой войны. Описывается религиозная политика Советского правительства до начала Второй мировой войны, а именно часть, направленная против религии. Показываются причины изменения религиозной политики Советов в период военного положения, а также обращение религиозных лидеров к единоверцам с призывом объединиться против врага. Приводятся сведения об организации русской православной церкви и четырёх духовных управлений мусульман, о том, что Советское правительство было вынуждено дать свободу религии с целью получить поддержку как местных мусульман, так и мусульман зарубежья, а также о проведенных мероприятиях по повышению боевого духа среди народа. Показано, что в свою очередь приверженцы религий, в том числе мусульмане, внесли большой вклад в общую победу, в том числе оказали большую материальную и финансовую помощь семьям воевавших на фронте солдат, что подтверждается архивными документами. Описывается также, что данная помощь продолжала оказываться и после войны, что руководство было благодарно приверженцам религий, а также, что ислам и государство сблизилось.

Ключевые слова: Вторая мировая война, советские мусульмане, ислам и мусульмане в Туркестане, Русская православная церковь, советское правительство, религиозная политика, духовное управление, исламский патриотизм.

T. Zholdassuly¹, K.M. Ilyassova²

¹Selcuk University, Konya, Turkey

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Religious policy of the Soviet authorities during the Second World War

Abstract. This article intends the change in the Soviet Religion Politics during the World War II. At first the Soviet Religion Politics and the Soviet oppression against religion after the WWII is explained. It reveals how the Soviet Religion Politics changed abruptly, furthermore their appeal to clergy to unite the believers against enemy. The formation of the Russian Orthodox Church and four Spiritual Administrations of Muslims has also been mentioned in this work. Besides, it explains that The Soviets had to give freedom to religion in order to get foreign and local Muslims' support and did every possible means to raise people's spirit. The information that all believers, especially Muslims contributed to the victory also that they financially and materially supported the soldiers' families is given with archive documents. This contribution lasted after the war. Accordingly Muslims were praised for it, resulting in Islam and State reconciliation.

Keywords: World War II, the Soviet muslims, Islam and muslims in Turkestan, the Russian Orthodox Church, the Soviet Union, religious politics, spiritual administration, islamic patriotism.

References

- 1 Sovyet Rusya'da Bugünkü İslamiyet [Islam today in the Soviet Union]. (Biblos Matbaası, München, 1963).
- 2 Monteil V. Sovyet Müslümanları [Soviet Muslims]. (Pınar Yayınları, İstanbul, 1992). p. 182
- 3 Bala M. Sovyetler Birliği'nde İslam Dinine yeni hücumlar [New attacks on Islam in the Soviet Union], Sovyetler Birliğini Öğrenme Enstitüsü Dergisi. 1958. Münih 4. P. 9-10
- 4 Benningsen A. Quelquejay. C. L. Sufi ve Komiser [Sufi and Commissioner]. (Akçağ Yayınları, Ankara, 1988).
- 5 Taheri A. Kızıl Gökte Hilal [Crescent in the Red Sky]. (Sel Yayınları, İstanbul, 1991, 174p.).
- 6 Yaman A. Türk Dünyasında İslam, Sovyet Ateizmi ve Kültürel Süreklilik [Islam, Soviet Atheism and Cultural Continuity in Turkish World]. (Elips Kitap Yayınevi, Ankara, 2012).
- 7 Benningsen A. Quelquejay. C. L. Step'de Ezan Sesleri [Azan Sounds in Step]. (İrfan Yayınevi, İstanbul, 1997). p. 226
- 8 Sadykova A.M. Kenes okimetinin din salasyndagy sayasaty (1918-1953 jj.). [Religion polictics of the Soviet authorities (1918-1953 yy.): Filosofia doktory (PhD) gylymi darejesin alu ushin daiindalghan dissertatsia [The dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)]. Almaty, 2015.
- 9 Muhtarova G.D. Islam v Sovetskom Kazahstane [Islam in the Soviet Kazakhstan]. (Aktobe, 2007, P. 128-131).
- 10 Tasar E. The Institutionalization of Islam in Central Asia, 1943-1991. (Oxford University Press, New York, 2017).
- 11 Erşahin S. Türkistan'da İslam ve Müslümanlar [Islam and Muslims in Turkestan]. (Türkiye Diyanet Vakfi Yayınları, Ankara, 2007).
- 12 Odintsov M.I. Gosudarstvo i tserkov v Rossii, XX vek [State and church in Russia, XX century]. (Luch, Moskow, 1994, P. 102-107).
- 13 Akikat jolynda, Hakim hazirettin omir jolu [In the path of truth, The Life of Khakim Hadrat]. (Almaty, 2013, 110 p.).
- 14 Vakhabov A. Sovyetler Birliğinde İslam [Islam in the Soviet Union]. (Havass Yayınları, İstanbul, 1979, 26 p.).

- 15 Braker H. İslamiyet Sorununun Sovyetlerin İç ve Dış Politikasındaki Yeri [The Place of the Islamic Question in the Soviet Domestic and Foreign Politics], Orta Doğu Teknik Üniversitesi Asya – Afrika Araştırmaları Grubu. 1984. № 7. P. 6
- 16 Saidbaev T.S. Islam i obshestvo [Islam and society]. (Moskow, 1984, P. 188-190).
- 17 Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Muragaty [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F.1711, op.1, d.4, p.66
- 18 Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Muragaty [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 1711, op.1, d.6, p.9
- 19 Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Muragaty [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F.1711, op.1, d.4, p.83
- 20 Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Muragaty [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F.1711, op.1, d.9, p.10
- 21 Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Muragaty [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F.1711, op.1, d.6, p.11
- 22 Artykbaev J. Pirmanov J. Kazakstan tarihi [History of Kazakhstan] (Atamura, Almaty, 2008, 472 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Жолдасұлы Т. – Селчук Университеті, әлеуметтік ғылымдар институты докторанты (PhD), Вейсел Карани көшесі 2018/7, Кония қаласы, Түркия.

Ильясова К.М. – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Мұңайтпасов көшесі 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zholdassuly T. – PhD student at the Faculty of Social Sciences in Selcuk University, 218/7 Veysel Karany street, Konya, Turkey.

Ilyassova K.M. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Oriental Studies, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Munaytpasov str. 2. Nur-Sultan, Kazakhstan.